PHILIPS

QUICK START GUIDE

SC1992, SC1991

ҚАЗАҚША

Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз!
Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді **www.philips.com/lumea** торабында тіркеңіз.

Жарыққа негізделген түк алу — ұзаққа созылатын нәтижелермен қажетсіз дене түгін өндеудегі ең тиімді әдістердің бірі. Ол ағымдағы үйге арналған түк алу әдістерінен басқаша, себебі ол түктің қайта өсуін айтарлықтай азайтады. Philips Lumea Essential құралы мойыннан төменгі дене аймақтарындағы қажетсіз түкті өндеуге мүмкіндік береді.

Philips қауіпсіздігіңізге айырықша көңіл бөледі. Дұрыс, қауіпсіз және сәйкес қолданысты қамтамасыз ету үшін құралды бірінші рет пайдаланбастан бұрын, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар барлық қауіпсіздік сақтандырулары мен ескертулерін оқып шығыңыз. Бұл жылдам бастау нұсқаулығы пайдаланушы нұсқаулығын ауыстырмайды, бірақ ол осы өнімді пайдалануды мүмкіндігінше оңай етеді.

Бұл құралдың барлық адамға қолайлы бола бермейтінін ескеріңіз. Теріңізге және дене түгінің түсіне сәйкес келетін жарық қарқындылығын және осы құралдың сіз үшін сәйкес болатынын анықтау үшін осы жылдам бастау нұсқаулығының артқы жағындағы кестені қараңыз.

Қолдау немесе ақпарат қажет болса, **www.philips.com/support** торабына кіріңіз.

ЖАЛПЫ СИПАТТАМА



1 Қарқындылық жарықтары (1-5)
2 Қосу/өшіру түймесі
3 «Дайын» жарығы
4 Ауа булығы
5 Құрал қабырға розеткасы
6 Жарық түймесі
7 Электрондық контактілер үшін саңылау
8 Біріктірілген UV сүзгісі бар жарық шығару терезесі
9 Денеге арналған саптама (мойыннан төменгі барлық дене аймақтарына қолайлы)
10 Саптама ішіндегі металл жақтау
11 Біріктірілген қауіпсіздік жүйесі
12 Электрондық контактілер
13 Адаптер
14 Кішкене штепсельдік ұш

Құрамында келесілер де бар: тазалағыш шүберек және сөмке

ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ

Philips Lumea Essential құралын пайдаланбастан бұрын, тері тексеруін орындаңыз (пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз). Тері тексеруінен кейін 24 сағат күтіп, теріде қандай да бір себептердің бар-жоқтығын тексеріңіз. Қандай да бір тері реакциясын байқасаңыз, келесі қолданыс үшін ешқандай тері реакцияларын тудырмаған ең жоғарғы параметрді таңдаңыз.

Lumea құралын кезеңді түрде пайдаланғанда, күнге қыздырынбаңыз. Күнгі қыздырынған болсаңыз, Lumea Essential құралын пайдаланбастан бұрын кемінде 2 апта міндетті түрде күтіңіз.

Lumea құралын пайдаланбастан бұрын, қажетті өңдеу аймағын қыру арқылы теріні дайындауыңыз керек. Түктер қайта өсуін тоқтатқаннан кейін, әдетте бұл 4-5 өңдеуден кейін орын алады, құралды пайдаланбастан бұрын енді қырынудың қажеті болмайды.

Саптама мен жарық шығару терезесінің таза екендігін тексеріңіз. Терезеде кір, түк немесе талшық болса, пайдаланбастан бұрын берілген шүберекпен оны тазалаңыз.



Денеге арналған саптаманы дұрыс қайта орналастырғаныңызды тексеріңіз.



Ашаны розеткаға кіргізіп, құрылғыны қосыңыз. Одан кейін, тері реніне сәйкес келетін жарық қарқындылығының деңгейін таңдаңыз. Тиісті параметрді таңдау үшін осы жылдам бастау нұсқаулығының артқы жағындағы сәйкестік диаграммасын пайдаланыңыз.

Жарық қарқындылығы параметрін реттеу үшін қажетті параметрге қол жеткізгенше қосу/өшіру түймесін бір немесе бірнеше рет басыңыз.



Lumea құралын теріге 90 градус бұрышта қойыңыз және теріге толық тиюін қамтамасыз етіңіз. Теріге толық тиген кезде, «жарықтандыруға дайын» шамы жасыл түске айналады.

Жарықты босату үшін жарық түймесін басыңыз. Құралды теріден көтеріп, оны өңделетін келесі аймаққа біраз жерді артығынан жабу арқылы қойыңыз. Одан кейін, жарық түймесін қайтадан басыңыз.

Lumea Essential Plus көмегімен пайдаланғыңыз келетін режимді таңдай аласыз. Сырғыту және жарық негізгі қолдану режимі болып табылады. Тек жарық түймесін басып тұрыңыз, ал жарық сырғытқан кезде өшуін жалғастырады. Әрбір жарықтан кейін, құрал қайта жарықтандыру үшін 3,5 секунд кетеді. Бұл зарядтау уақытында құрал теріге толық тиіп тұрған кезде, «жарықтандыруға дайын» шамы жыпылықтайды.

Тері реңі / Дене түгінің түсі	Ақ	Қою сары	Ашық қоңыр	Орташа қоңыр	Күңгірт қоңыр	Қоңырқай қара және күңгірттеу
Ақ/бозғылт	✕	✕	✕	✕	✕	✕
Қызыл	✕	✕	✕	✕	✕	✕
Ашық сары	✕	✕	✕	✕	✕	✕
Күңгірт сары / ақшыл қоңыр	4/5	4/5	4/5	1/2/3	✕	✕
Қоңыр	4/5	4/5	4/5	1/2/3	✕	✕
Күңгірт қоңыр	4/5	4/5	4/5	1/2/3	✕	✕
Қара	4/5	4/5	4/5	1/2/3	✕	✕

Ұсынылатын жарық күштері кестесі:

Теріңізге және дене түгінің түсіне сәйкес келетін жарық қарқындылығын және осы әдістің сіз үшін сәйкес болатынын анықтау үшін кестені қараңыз. Әдіс жоғарғы қарқындылықта тиімдірек болады; дегенмен, қандай да бір ауруды немесе қолайсыздықты сезінсеңіз, жарық қарқындылығын азайтуыңыз керек. Жарық пульсі теріде жылы немесе ыстық болып сезілуі мүмкін, бірақ ол ешқашан ауыртпайды.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы «Қолдануға болмайтын жағдайлар» бөлімін қараңыз; кейбір дәрі-дәрмектер мен денсаулық жағдайлары құралды қолданған кезде кері әсер тудыруы мүмкін.

4222.100.1142.2